

Ақмола облысы
Астрахан ауданы
«Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназия КММ»

**«Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы,
құқық негіздері пәнінің» апталығының
жоспары**

2025-2026 оқу жылы

«Тарих – өткеннің үні, болашақтың кілті»

Тарих және құқық пәндері онкүндігі


📍 2026 жылғы 12 қаңтар күні «Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ-де Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы және құқық негіздері пәндері бойынша «Тарих – өткеннің үні, болашақтың кілті» атты онкүндіктің ашылу салтанаты өтті.

📄 Апталықтың ашылуына оқушылар белсенді қатысып түрлі тапсырмалар орындап, апталықтың жоспырымен танысты.

📌 Іс-шараның мақсаты – оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру, құқықтық мәдениеті мен азаматтық жауапкершілігін арттыру, пәндерге деген қызығушылығын күшейту, білім алушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту.

💡 Ашылу салтанатында онкүндік аясында өткізілетін іс-шаралардың жоспары таныстырылып, пәндердің қоғамдағы маңызы мен тәрбиелік мәні атап өтілді. Оқушылар тарих пен құқық саласындағы білімдерін тереңдетуге бағытталған танымдық тапсырмаларға, сайыстар мен ашық сабақтарға белсенді қатысуға шақырылды.

Онкүндік барысында ашық сабақтар, зияткерлік ойындар, пікірталастар, көрмелер мен тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылып, оқушылардың пәндік білімін кеңейтуге және құқықтық сауаттылығын арттыруға ерекше көңіл бөлінді.

Бекітемін
Мектеп директоры
 Г.Б. Шонгалова

«Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ-нің
2025–2026 оқу жылының 12.01.2026 – 23.01.2026 аралығында өткізілетін
Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері пәндері бойынша
«Тарих – өткеннің үні, болашақтың кілті»
атты онкүндігінің жоспары

№	Іс-шараның атауы	Өту мерзімі	Сынып	Жауапты
1	Апталықтың ашылуы	12.01.2026 08:00-08:30 1 – қабат фойе	5-11 сыныптар	Байжуманова Ж.У Ерлан М
2	Ашық сабақ : «XIX ғасырдың 40–60 жылдарындағы қазақтардың Орта Азиялық хандықтармен қарым-қатынастары»	13.01.2026 5 сабақ 12:10-12:55 305 каб	7 сынып	Байжуманова Ж.У
3	«Өткеннен жеткен мұра» колөнер көрмесі	14.01.2026 11:05-11:20 3 -қабат	5-11 сыныптар	Ерлан М
4	«Қызық екен...» Ата-аналар мен оқушылар арасында интеллектуалды ойын өткізу	15.01.2026 12:10-12:55 3 -қабат	5 сыныптар	Ерлан М
5	Тақырыбы: «Ұлттық құндылық – ұлт қазынасы» онлайн байқау макет қорғау	16.01.2026 Instagram желісінде	7-8 сыныптар	Байжуманова Ж.У Ерлан М
6	«Жас экскурсовод» мектеп музейін зерттеу	19.01.2026 16:00-17:00 3 қабат	6-9 сыныптар	Байжуманова Ж.У Ерлан М
7	«ЖИ оқушылардың білім алуын жеңілдетеді, әлде қиындатады?» Мұғалімдер мен оқушылар арасында пікірталас (дебат) өткізу	20.01.2026 16:00-17:00 305 каб	11 сынып	Ерлан М
8	«Болашақтың заңгері мен тарихшылары» Форум өткізу	21.01.2026 16:00-17:00	9-10 сыныптар	Байжуманова Ж.У
9	Ашық сабақ : «Берел қорғандары.»	22.01.2026 5 сабақ 12:10-12:55 305 каб	5 «ә» сынып	Ерлан М
10	Тарих онкүндігінің жабылуы «Тарихи тұлғалар әлеміне саяхат» Оқушылар арасында костюмдер байқауы	23.01.2026 16:00-17:00 305 каб	5-11 сыныптар	Байжуманова Ж.У Ерлан М



Өтілген ішараның сілтемесі:

<https://www.instagram.com/reel/DTaMVIKiMaV/?igsh=c3ZhNjNqdHhtbmtw>

**Өткізген: Байжуманова Ж.У
Мөлдіргүл Ерланқызы**

Ашық сабақ: « Қазақстан тарихындағы тағдырлы кезеңдердің бірі – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы»

Астрахан ауылының N1 мектеп-гимназиясы Қазақстан тарихындағы тағдырлы кезеңдердің бірі – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына арналған ашық сабақ өткізілді. Ашық сабақтың негізгі мақсаты – оқушыларға Желтоқсан көтерілісінің шығу себептері мен тарихи маңызын жан-жақты түсіндіру, тәуелсіздік жолында ерлік көрсеткен қазақ жастарының батырлығын насихаттау, сондай-ақ оқушылардың азаматтық ұстанымы мен отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру.

Сабақ барысында Желтоқсан оқиғасының тарихи алғышарттарын, барысын және салдарын кеңінен түсіндіріп, архивтік деректер мен бейнематериалдарды пайдаланды. Оқушылар топтық және жеке жұмыстар арқылы тақырыпты талдап, өз ой-пікірлерін ашық білдірді, тарихи тұлғалардың ерлігіне баға берді.

Ашық сабақ оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, тарихи сананы қалыптастыруға, ел тарихына деген қызығушылығын тереңдетуге ықпал етті. Сабақ мазмұны тәрбиелік мәні жоғары, әдістемелік тұрғыда талапқа сай ұйымдастырылды.



<https://www.instagram.com/reel/DTx59MTiK3I/?igsh=Njh1ZTNtZnNyMm9y>

Өткізген тарих пәні мұғалімі: Байжуманова Ж.У

✦ «Өткеннен жеткен мұра» қолөнер көрмесі өтті ✦

📍 Бүгін 14.01.2026 ж Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясында тарих апталығы аясында «Өткеннен жеткен мұра» атты қолөнер көрмесі ұйымдастырылды.

Көрмеге 5–11 сынып оқушылары белсенді қатысып, ұлдар мен қыздар өз қолдарымен жасаған бұйымдарын көпшілікке таныстырды. Әр оқушы бұйымның қолданылған материалы, жасалу жолы және маңызы туралы ақпарат беріп, өз жұмыстарын жарнамалап, сатты.

📌 Ис-шара оқушылар мен ұстаздардың үлкен қызығушылығын тудырды, сондай-ақ қатысушылар осындай көрмелерді келешекте де өткізуге ұсыныс білдірді. Көрменің мақсаты – ұлттық құндылықтарымызды насихаттау, қолданбалы өнерді жаңғырту және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.





👤 Өткізген тарих пәні мұғалімі: Мөлдіргүл Ерланқызы.

<https://www.instagram.com/reel/DTx6IC9CLz6/?igsh=anJnNm0yNG9peHJ3>

✨ "Қызық екен..." атты интеллектуалдық ойын өткізілді ✨

📍 "Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы" КММ тарих апталығы аясында 5 «а» және 5 «ә» сынып оқушыларымен және олардың ата-аналары арасында «Қызық екен...» атты интеллектуалдық ойын өткізілді.

🔴 Ойынның басты мақсаты – оқушылар мен ата-аналардың тарих пәніне және жалпы білімге деген қызығушылығын арттыру, танымдық ойлау қабілеттерін, шығармашылық ой-пікірін және командалық жұмысты дамыту. Сонымен қатар, мектеп өміріне ата-аналарды тарту, балалармен бірлесіп жұмыс істеу арқылы отбасылық құндылықтарды насихаттау және нығайтуға бағытталды.

💡 Ойын барысы:

Қатысушылар әр түрлі сала бойынша қызықты сұрақтарға жарысып, топтық пікірталастар мен шығармашылық тапсырмаларды орындады. Соңғы кезеңде тәжірибе жасап, практикалық түрде өз білімдерін сынады. Мұндай тәсіл қатысушылардың қызығушылығын арттырып, оқушылар мен ата-аналарға да өте ұнады.

🏆 Қорытынды:

"Шабыт" және "Кемеңгерлер" топтары белсенді қатысып, I және II дәрежелі дипломмен марапатталды. Барлық қатысушылар интеллектуалдық ойыннан жаңа білім мен шабыт алды, тарихқа деген қызығушылықтары артты.

Бұл іс-шара мектептің танымдық және шығармашылық ортасын нығайтып, ата-аналар мен оқушылар арасындағы байланыс пен ынтымақтастықты арттыруға үлкен үлес қосты.





<https://www.instagram.com/reel/DUIJ7e8CPOQ/?igsh=NG85dzVidGgxM2o4>

👤 **Өткізген тарих пәні мұғалімі: Мөлдіргүл Ерланқызы**

Тарих апталығы аясында 6-7 сыныптар арасында «Ұлттық құндылық – ұлт қазынасы» атты онлайн макет қорғау байқауы өткізілді. 🏠

Мақсаты:

- 📖 Оқушылардың ұлттық құндылықтарға қызығушылығын арттыру.
- 🎨 Шығармашылық ойлау және бейнелеу қабілеттерін дамыту.
- 🧠 Тарихты зерттеу арқылы өз елінің мәдени мұрасын түсіндіру.
- 👉 Ұжымдық жұмысқа, пікір алмасуға және жауапкершілікке баулу.

Бұл байқау оқушыларға өздерінің тарихи және мәдени білімдерін көрсетуге, ұлттың рухани қазыналарын сақтап, ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, заманауи онлайн форматта өткізілгендіктен, оқушылардың цифрлық дағдылары мен жобалық жұмыс істеу қабілеттері де дамыды. 🌟



<https://www.instagram.com/reel/DTzHmnuIHsc/?igsh=ZXhsbzI1aGV2ZXBy>



<https://www.instagram.com/reel/DTzeQacCKfP/?igsh=ZXk5ZmF3aGp0aTJv>



<https://www.instagram.com/reel/DTzHiY-CF0Z/?igsh=MThramFheGNjMm5qYg==>



<https://www.instagram.com/reel/DTzeNiriN-b/?igsh=MW4xM3h4ODA5b2tiNQ==>

Өткізген тарих пәні мұғалімі: Байжуманова Ж.У

«Жас экскурсовод» байқауы 

"Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы" КММ-нің 8-10 сынып оқушылары арасында тарих апталығы аясында ұйымдастырылған «Жас экскурсовод» байқауына қатысып, мектеп музейін зерттеуге белсене атсалысты.

Мақсаты:

Оқушылардың туған өлке тарихына қызығушылығын арттыру 🧠, мектеп музейіндегі тарихи жәдігерлермен таныстыру арқылы тарихи сананы қалыптастыру 🏛️. Зерттеу жұмысына баулу 📖, дерекпен жұмыс жасау, ақпаратты жүйелеу және көпшілік алдында сауатты сөйлеу 🎤 дағдыларын дамыту. Жас экскурсовод ретінде сөйлеу мәдениетін жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін шыңдау 🎨, отансүйгіштікке және ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Қатысушылар:

- ✦ Галимхан Кәусар
- ✦ Қадырберді Акерке
- ✦ Маймакова Мадина

Оқушылар байқау барысында музей экспонаттарымен танысып, тарихи деректерді жинақтап, экскурсия жүргізу дағдыларын көрсетті.



<https://www.instagram.com/p/DUXwLZACEcq/?igsh=MWhjemc5aWU3NnRlcA==>

👤 **Өткізген тарих пәні мұғалімі: Мөлдіргүл Ерланқызы**

«Жас экскурсовод» байқауы 🏛️

"Астрахан ауылының N1 мектеп-гимназиясы" КММ-нің тарих апталығы аясында ұйымдастырылған " Жас экскурсовод" мектеп музейін зерттеуге байланысты іс-шара өтті. Маймакова Мадина өз атасы жайлы мәліметтерді жинақтап, бөлісті. Оқушыларды мектептің тарихымен таныстыру, үлкенге деген құрмет көрсету, жауапкершілік сезімін нығайту, тәрбиелеу. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту .






<https://www.instagram.com/reel/DUTqWFYiLkG/?igsh=Z3psajltZzBtZDcx>





Өткізген тарих пәні мұғалімі: Байжуманова Ж.У

"Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы" КММ-де жас ұстаздар мен 11-сынып оқушылары арасында «ЖИ оқушылардың білім алуын қиындата ма, әлде жеңілдете ме?» тақырыбында тартысты дебат өтті.



 **Дебат өткізу мақсаты:**


Оқушылар мен ұстаздарға жасанды интеллект тақырыбын талқылау арқылы сыни ойлау, дәлелді пікір айту және аргументтерін дұрыс баяндау дағдыларын дамыту  

 **Дебат барысы:**

«Саналы ұстаздар»  және «Цифрлы оқушылар»  командалары өз ойларын ортаға салып, нақты әрі дәлелді аргументтер келтірді  

 **Нәтижесі:**

«Цифрлы оқушылар» командасы I-орынға , ал «Саналы ұстаздар» командасы II-орынға  лайық деп танылып, марапатталды .



<https://www.instagram.com/reel/DUX-kHEiIXL/?igsh=MTdvaTB2eHQzdiNwNA==>

 **Өткізген тарих пәні мұғалімі: Мөлдіргүл Ерланқызы**

"Астрахан ауылының N1 мектеп-гимназиясы" КММ-нің 9-10 сынып оқушыларымен "Болашақтың заңгері мен тарихшылары" атты форум өтті. Оқушыларға заңгер және тарихшы мамандықтардың маңызын түсіндіру, заң білімі саласына мағлұмат беру, Адамгершілік адалдық, әділдік пен мейірімділікке баулу арқылы саналығымен таным белсенділігін арттыру.





<https://www.instagram.com/p/DUDadK1CBJT/?igsh=MThzZnBremxhNXRmZA==>

Өткізген тарих пәні мұғалімі: Байжуманова Ж.У

✦ «Берел қорғандары» атты ашық сабақ өткізілді ✦

📍 "Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы" КММ-нің 5 «ә» сынып оқушыларымен тарих апталығы аясында **«Берел қорғандары»** тақырыбында ашық сабақ өткізілді.

💡 Сабақта топтық, жұптық және жеке жұмыстар ұйымдастырылып, тапсырмалар сабақ мақсатына сай жүргізілді. Жаңаша әдіс-тәсілдер қолдана отырып, оқушыларға ынтымақтастық атмосферасы жасалып, еркін және шығармашылық жұмыс жасауға мүмкіндіктер берілді.


🎯 **Сабақтың мақсаты:**

Ежелгі көшпелілердің дүниетанымын сипаттау

Ескерткіштерін зерттеу

Қолданбалы өнерін насихаттау

✅ **Қорытынды:** Оқушылар сабаққа белсенді қатысып, өз ойларын ортаға салды. Топтық және жеке жұмыстар арқылы алған білімдерін практикада қолдану мүмкіндігі артты. Сабақ оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және тарихқа деген қызығушылығын арттыруға бағытталды.



<https://www.instagram.com/reel/DUIKDT6iONy/?igsh=anhbHJpZHJtdHoy>

👤 **Өткізген тарих пәні мұғалімі: Мөлдіргүл Ерланқызы**

📌 **«Тарих – өткеннің үні, болашақтың кілті» апталығының жабылуы**

"Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы" КММ-де өткен тарих апталығы өз мәресіне жетті. Апталық соңында оқушылар, ұстаздар және ата-аналар белсенді қатысып, барлық іс-шараның қорытындысын атап өтті. ✨

✦ **Мақсаты:** оқушылардың тарихқа деген қызығушылығын арттыру, патриоттық сезімді қалыптастыру және мектеп қауымдастығының бірлігін нығайту.

📅 Апталық аясындағы өткізілген іс-шаралар:

🏠 Ашық сабақтар:

«XIX ғасырдың 40–60 жылдарындағы қазақтардың Орта Азиялық хандықтармен қарым-қатынастары»

«Берел қорғандары»

🎨 «Өткеннен жеткен мұра» – қолөнер көрмесі

📖 Интеллектуалды ойын «Қызық екен...» – ата-аналар мен оқушыларға арналған, тақырыбы: «Ұлттық құндылық – ұлт қазынасы»

💻 Онлайн байқау – макет қорғау

🏛️ «Жас экскурсовод» – мектеп музейін зерттеу

💬 Дебат – мұғалімдер мен оқушылар арасында: «ЖИ оқушылардың білім алуын жеңілдетеді, әлде қиындатады?»

👤 Форум «Болашақтың заңгері мен тарихшылары»



Барлық қатысушылар өз білімін көрсетті, шығармашылық қабілеттерін дамытты. Ата-аналар да белсенді қатысып, балаларымен бірге іс-шараға қызығушылық танытты және қолдау көрсетті.



<https://www.instagram.com/p/DUX-qS2iAoJ/?igsh=ZW51bHluMTA1dWN1>

Тарих пәнінің мұғалімдері: Байжуманова Ж.У. Мөлдiргүл Ерланқызы.

ДОIЖО:

Кошекбаева Г.А.